

2014 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күші жойған

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 218 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 мамырда N 1043 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 218 шешімімен. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 316 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.03.2015 № 316 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2014 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVI сессиясының 2013 жылғы 22 мамырдағы № 118 «2013 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 984 нөмірімен енгізілген, «Алматы Ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2013 жылғы 4 шілдеде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясының төрағасы С.А. Козловқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә. Шормановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXVI сессиясының төрағасы,
V сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

Келісілді:

А л м а т ы		қ а л а с ы
әкімінің орынбасары		Е. Шорманов
А л м а т ы	қ а л а с ы	б о й ы н ш а
Салық департаментінің басшысы		Ж. Инкербаев
А л м а т ы	қ а л а с ы	Т а б и ғ и
ресурстар және табиғатты		пайдалануды
реттеу басқармасының басшысы		А. Рахимбетов
А л м а т ы	қ а л а с ы	Қ а р ж ы
басқармасының басшысы		А. Әбдіқадырова
А л м а т ы	қ а л а с ы	Э к о н о м и к а
және бюджеттік		жоспарлау
басқармасының басшысы		С. Қабдолов
А л м а т ы	қ а л а с ы	ә к і м і
аппараты заң		бөлімінің
басшысы	А. Қасымова	
V		с а й л а н ғ а н
А л м а т ы	қ а л а с ы	м ә с л и х а т ы
	X X V I	с е с с и я с ы н ы ң
2014 жылғы	24	№ 218
шешіміне қосымша	сәуірдегі	

2014 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкалары

Арнайы су пайдалану түрі							
Өзендер, көлдер, теңіз-	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер,	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда,	Ауыл шаруашылығы	Су көздерінен су алу жүзеге асырылған тоған шаруа-	Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын	Гидроэнергетика,	Су көлігі, (тиын/

дердің бассейндері	(тиын/1 текше м.)	(тиын/1 текше м.)	(тиын/1 текше м.)	шылықтары, (тиын/1 текше м.)	тұтынушылар, (тиын/килограмм)	(тиын/1кВт.сағат)	т. шақырым)
Балқаш және Алакөл көлдерінің және өзендердің алаптары	84	232	66	64	165	25	7

*XXVI сессиясының төрағасы,
V сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ